

11 Kaliyev G., Bizakov S., Nakysbekov O and others. Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 2. - Almaty, 2011. Volume 2. – A - B. – 744 p.

12 Makataev M. Song written on the wings of a swan /Poems, poems, translations/. – Almaty: Shartarap, 2001. – 352 p.

### **Литературный психологизм в произведениях Мукагали Макатаева**

Г.С. Бөкен

Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*В статье представлена проза видного представителя казахской литературы Мукагали Макатаева. В произведении рассматриваются бытие героев, мысль автора, проблема психологизма, а также теоретические размышления в научно-исследовательских работах на тему психологизма. В целом в казахской литературе встречается большое количество произведений на тему «женской сущности». Поэтому в статье акцент делается на своеобразной манере изложения писателя описывать «психологию женщины». Кроме того, проблема психологизма в произведениях автора была дифференцирована на основе поступков своих героев, подход писателя к общественной формации. Каждый персонаж автора раскрывается через сюжетную линию.*

*Ключевые слова: психологизм, характер, портрет, действие, мотив, фрустрация*

Материал поступил в редакцию журнала 10.12.2022

### **Literary psychologism in the works of Mukagali Makatayev**

G.S. Boken

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article presents the prose of a prominent representative of Kazakh literature, Mukagali Makatayev. The work examines lives of heroes, the author's thoughts, and the problem of psychologism. It also analyzes theoretical researches on the subject of psychologism. In general, a large number of works on the theme of "female essence" are found in Kazakh literature. Therefore, the article focuses on the writer's peculiar way of describing "psychology of a woman". In addition, the problem of psychologism in the author's works was differentiated on the basis of his heroes deeds and the writer's approach to social formation. Each character of the author is revealed through a certain storyline.*

*Key words: psychologism, character, portrait, action, motive, frustration.*

Received: 10.12.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp45-52

**А.Д. Боханова<sup>1</sup>, Г.С. Бөкен<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰСТАЗ ОБРАЗЫ**

*Ұсынылған мақалада қазақ және әлем әдебиетіндегі ұстаз бейнесі сипатталған. Мақалада ұстаз ұғымы және оның қоғамдағы рөлі жайлы қазақ ғұламалары мен әлем ойшылдарының шығармаларын талдай отырып, мәні түсініледі. Сондай-ақ бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін атап өткен жөн, себебі өскелең ұрпақты*

*тәрбиелеуде қолдануда маңызды. Автор ұстаздың жастарды тәрбиелеудегі орнын анықтайды, оның ерекшеліктерін көркем әдебиеттегі көрінісі арқылы көрсетеді. Зерттеу барысында Ж.Молдағалиевтің «Ұстаз жолы» повесі, Ғ.Қайырбековтың «Дала қоңырауы» поэмасындағы Ыбырайдың образы, Ә.Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» еңбегіндегі Әл-Фарабидің бейнесі сараланды. Әлемдік әдебиетті зерделеу үшін Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» және Т.Қайыпбергеновтың «Рахмет, мұғалім» еңбектері таңдап алынды.*

*Кілт сөздер: ұстаз образы, тәрбие, Әл-Фараби бейнесі, Ыбырай Алтынсарин бейнесі, тағылым.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ және әлем танымындағы ұстаз ұғымы, оның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы орны мен рөлі ерекше. Сондықтан да қаламгерлердің ұстаз образын сомдауда тақырыптық-идеялық ізденістер де соны әрі күрделі. Әдебиет пен руханилықты, әдебиет пен мәдениетті, әдебиет пен тәрбиені, әдебиет пен педагогиканы гуманистік тұрғыдан зерделеу барысында әр ұлттың дүниетанымдық құндылықтарын ескермеу мүмкін емес. Әдебиеттегі ұстаз бейнесінің жинақтық бейнесі қаламгердің көркемдік әдіс-тәсілдеріне, ұстаз характерін берудегі психологизміне, терең ізденіс негізіндегі портреттік сипаттау шеберлігіне тікелей байланысты.

## КІРІСПЕ

Ұстаздық ету кәсіп емес, мәртебелі іс. Бұл әр баламен балалық шақты қайта өткізуді, әлемді оның көзімен көруді білдіреді. Бұл мамандық емес, күн сайын білім беруге асықтыратын өмір салты. Ұстаз – әр оқушының тағдырындағы таптырмас адам.

Бұл ұғымды айта отырып көкірегіңізде толқуды сезінбеу мүмкін емес. Бір қарағанда, бұл мамандық өте қарапайым, бір сарынды болып көрінер. Өткен мектеп жылдарының қалдықтары сияқты көрінеді. Ақиқатында «ұстаз» сөзі белгілі бір бейнені елестетеді. Зерттеу тақырыбына арқау болып отырған қазақ және әлем әдебиетіндегі ұстаз образы жайлы сөз болғанда Абай мен Ыбырайға, «әлемнің екінші ұстазы» атанған Әл-Фарабиге соқпай өту мүмкін емес.

Мұғалім мамандығы ең көне мамандықтардың бірі. Себебі барлық басқа мамандықтар арнайы ұйымдастырылған, мақсатты педагогикалық қызмет барысында ғана игеріледі. Қоғамдық тәжірибені жаңа ұрпаққа беру, осы ұрпақты өмір мен жұмысқа дайындау қажеттілігі оқыту мен тәрбиенің тәуелсіз қоғамдық функцияға өте ерте бөлінуіне әкелді. Алғашқы мектептер ежелгі Шығыс елдерінде құл қоғамының қалыптасу кезеңінде пайда болды. Бұлар Египет, Вавилон, Ассирия, Финикия елдері еді. Бұл елдердегі егіншілік жасанды суаруға негізделген. Бұл өзендердің мезгіл-мезгіл төгілуін бақылауды және бөгеттер салуды қажет етті. Бірте-бірте осы бақылаулар мен гидротехникалық құрылыстарды салу процесінде қоршаған әлем туралы ғылыми білімді пайдаланумен байланысты әлеуметтік пайдалы қызмет тәжірибесі жинақталды, арифметика, геометрия, астрономия, медицина ғылымдарының бастаулары пайда болды. Десе де ақпараттың барлығы халықтың басым көпшілігіне қол жетімді болмады және діни қызметкерлермен үлкен құпияда сақталды. Кейін ұрпақтан-ұрпаққа болашақ діни қызметке арналған адамдардың шағын тобына ғана берілді. Діни қызметкерлер кастасында білім ата-анадан балаларға берілді, бірақ ғибадатханалар мен үлкен қалаларда діни мектептер де болды. Осылайша, ежелгі Шығыс елдерінде мұғалімдер негізінен кастаны құрайтын діни қызметкерлер болды.

Мектеп туралы алғашқы дерек біздің эрамызға дейінгі 2500 жыл бұрынғы Египет дереккөздерінде кездеседі. Сәл кейінірек «Рамессеум» арнайы оқу-ғылыми мекемесі пайда болды, онда тек діни қызметкерлер ғана емес, жауынгерлер, сәулетшілер, дәрігерлер де дайындықтан өтті.

Ежелгі Грецияда бастапқыда грамматика мектептері мен кифаристік мектептер пайда болды, оларда шамамен 7-14 жас аралығындағы ұлдар оқыды. Тиісінше қыздар тек отбасылық тәрбие алды. Грамматика мектебінде ұлдарға оқу, жазу және санау пәндері оқытылды. Грамматикалық немесе одан кейін бір уақытта оқыған кифарист мектебінде ұлдар музыка, ән және өлең оқыды. Мектепке барып, мектептен шыққан баланы «педагог» деп аталатын құл ертіп жүрді, грек тілінен аударғанда «бала тәрбиешісі» деген мағынаны аңғартты [1].

Бұл ұстаздың ең алғашқы образы болды. Қазақ даласындағы ұстаз образы ең алдымен діни сауаттылықты ашатын ауыл молдасымен байланысты. Мұнда да ең алдымен байбағландардың балалары сауатын ашуға мүмкін болды. Кедей-кепшік, жарлының балалары үшін білім алуға сауат ашу қолжетімді бола қоймады. Осы орайда қазақ даласындағы ең алғашқы мектепті 1841 жылы Жәңгір хан ашты деген дерек бар [2]. Ол өз қаржысын аямай хан ордасындағы жас өскіндердің білім алып, кейін білімдерін жетілдіруге баспалдақ етуге бар күшін салған. Кейін 1845 жылы дүниеден өтті.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазақ даласындағы алғашқы мектеп жайлы сөз еткенде ойға «Дала қоңырауы» деген атқа ие болған Ыбырай Алтынсарин келеді. Қазақ әдебиетінде Ыбырайға бұл есімді теліп, ірі поэма жазған Ғафу Қайырбеков [3] екені белгілі. Ұстаз ұғымы, мектеп ұғымын жас жеткіншектерге түсіндіру кезінде Ыбырай Алтынсаринді сөз етпеу мүмкін емес.

Ы.Алтынсариннің ұстаздық образы «Кел, балалар оқылық» өлең жолдарымен басталады десек қателеспейміз. Ұстаз образы мен Ыбрай образы егіз ұғым секілді астасып жатыр десек қателеспейміз. Ыбырай Алтынсариннің ұстаз ретіндегі образына қазақ әдебиетінде қалам тартқан ақын-жазушылар аз емес, туындылар да жеткілікті. Мақаламызды талдау барысында солардың бірегейлерін таңдап алдық. Алдымен Ыбырай Алтынсариннің жерлесі, дала ұстазы ашқан білім ордасында дәріс алған Жайсаңбек Молдағалиевтің «Ұстаз жолы» [4] повесін алдық.

## НӘТИЖЕЛЕР

Ыбырай Алтынсарин ұстаз деген есімге лайық жан. Оның ұстаздық жолы повесте жіті беріледі. «...Қазір шәкірт саны он бір. Қолынан келсе жоғары бастауыш кластардай алты жылға созғысы бар. Одан әрі шәкірттері, мәселен, Қазан қаласындағы мұғалімдер әзірлейтін семинарияға түсіп кетуге жарар еді...» [4,25]. Ыбырай Алтынсариннің бұл ойы арқылы алысты болжайтын көрегенділігін байқай аламыз. Қазақ балаларының әрі қарай білім алуына жағдай жасайтын баспалдақ болуын көздейді.

Сондай-ақ «.. Әсіресе, сурет кітапшаларды молырақ сатып алған. Шәкірттер қолына Пушкиннің ертегі-поэмалары, Крыловтың мысал кітаптары, Ушинский мен Корфтың оқулықтары жетті...» [4,25]. Бұл жолдар арқылы Алтынсариннің тек ұлы ұстаз емес, бала психологиясын ерекше білетін психолог екенін аңғаруға болады. Расында балалардың жас ерекшелігіне әрі тілді тезірек ұғып алуы үшін суреттері, көрнекілігі сол кітаптар тез, тиімді әсер ететіні мәлім.

Жазушы өз повестінде Ыбырайдың алдына орыс мұжықтарының өз балаларын да оқуға алуын келіп өтінген тұсын шебер суреттейді. Олар ұстазға арызбен келеді. Воронеж губерниясынан келген мұжықтар екенін айта келіп, қырғыз мектебіне өз балаларын алып бірге оқытуды сұрайды. Тіпті ақысын заттай төлеуге даяр екендіктерін білдіреді. Дәл бұл Ыбырайдыңкөктен іздегенін, жерде берген оқиға еді. Себебі балалардың тілді үйренуі үшін таптырмас тәсіл болды. Сол үшін Ыбырай еш ақы алмай, балалардың сабаққа келуге болатынын, дегенмен мектеп үйін салуға қолғабыс беруін сұрайды [4, 37].

Иә, осы кезең ұлт аралық алақөздіктен сақтау үшін де қазақ және орыс балаларын бірге оқыту тәсілі орыс оқымыстылары тарапынан көптеп қолданылып жүрген тұс болатын. Алтынсариннің бұл образы сарабал саясаткер екенін де айқын көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің ұстаз образын беруші тағы бір туынды ақын Ғафу Қайырбековтің «Дала қоңырауы» поэмасы. Поэманың «Тартыста» бөлімінде:

«Көңіліне көз беруге кіл наданның,

Білімі аздық етер бір адамның

Күші де, жігері де кетер құм боп

Бар ма еді, жалғыз көпке шыдаған күн?» [3, 58] деген жолдар бар. Бұл жолдарды Ыбыраймен кездесуде Яковлев айтады. Ыбырай:

«Қолымнан аямасам келгенімді

Бір тамшы сіңіре алсам еңбегімді,

Жарыққа жалғыз қадам жақындатсам,

Өкініш етерім жоқ өлгенімді» [3, 60] – деп жауап береді. Осы жауап арқылы ұлы ұстаздың өз ісіне берік екенін, қазақ балаларын жақсылыққа шақыратын адал қасиетін байқауға болады.

«Әрі ұстаз, әрі ақын, әрі ғалым

Атқармақ жалғыз өзі соның бәрін

Амал не, жан қорқытар іс болса

Кім ұғар осы ортада оның зарын» [3, 135] деген жолдары арқылы, ақын ұстаздың жан күйзелісін де береді. Себебі қазақ балаларын мектепке тарту, білім беру оңай іс болмады. Десе де ұстаз берілмеді, ары қарай мектепті кеңейте түсті және қыздарға арналған білім ордасын ашты.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде өз халқына деген асқан сүйіспеншіліктің, өз ісіне деген адалдықтың, шәкірттеріне деген адамгершіліктің зор үлгісі деуге болады. Сонымен қатар, Ыбырай тек білім беріп қоймай, өзінің еңбектерін жазып, сол кезеңде ғана емес, бүгінгі ұрпаққа азық болар шығармаларды дүниеге келтірді. Бұл шығармалар бала бойынша өмірлік құндылықтарды сіңіру үшін ерекше еңбек етіп келе жатқаны белгілі.

Қазақ әдебиетінде ұстаз образын ерекше беруші жандардың бірі әрі бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фараби. Өзін ғылымға арнаған, оны шексіз сүйетін, ешқашан халықты «бай» не «кедей» деп бөлмеген, ғылымның дамуы үшін көп күш салып, қарапайым жандардың рухани баюына ерекше көңіл бөлген ғұлама, әлемнің екінші ұстазы.

Ұлы ұстаздың туған жері жайлы деректер былай дейді: Әл-Фараби 870 жылы қазіргі Отырар, ежелгі Фараб қаласында дүниесігін ашады. Оның есімінде «Тархан» деген атаудың болуы арқылы ғалымдар аса дәулетті отбасынан шыққан деп береді. Ғалымның толық есімі Әбу-Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Осы арқылы зерттеушілер өз сілтемелерін «Тархан» атауына аударады. Дәл осы атау арқылы түрік тайпасының бай әулетінен деп есептейді. Әл-Фарабидің ғылымға деген қызығушылығы Отырарда үлкен кітапхананың болуымен арта түседі. Сол кітапханадағы аса бай мұра арқылы парсы, грек тілдерін үйренеді. Сол тілде ғылыми трактаттарды оқып танысады.

Әл-Фараби білім мен ғылымның халыққа еркіндік, қоғамдық өзгерістер жағдайында елеулі пайда әкелетінін түсінген алғашқы ғұламалардың бірі болды. Ол көбінесе өз заманының ойынан биік пәлсапа мен зерттеу жүргізумен айналысты.

Әл-Фарабидің ұстаздық образын қазақ жазушысы Ә.Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» [5] атты романында керемет суреттейді. Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» Әбу Насыр Әл-Фарабидің «екінші ұстаз» жайлы хикаясы. Онда автор бас кейіпкердің мәңгілікке жоғалған қыпшақ отаны туралы көңіл-күйін, қайғылы естеліктерін сипаттайды, сонымен қатар философтың шындықты іздеудегі күйі, билікпен қақтығыстары және тағы басқалар туралы айтады. Оның «Ұстаздың оралуы» шығармасы бізді орта ғасырларға апарады. Оқиғаның өрбитін орны Орта Азия және Таяу Шығыс қалалары. Мұнда әңгіменің басты кейіпкері Әл-Фараби өзінің трактаттары мен шығармаларын жасады, ол «екінші ұстаз» деген есімге терең ақыл-ойы мен кең білімі үшін ие болды. Оның кейіпкерінің ойларына сүйене

отырып, оның көңіл-күйінің ең нәзік реңктерін жеткізе отырып, жазушы көрнекті ағартушы ғалымның әсерлі бейнесін жасайды.

Қанды саяси құмарлықтардың тұңғығы мен қарбаласынан Ә.Әлімжанов Әл-Фарабидің айбынды тұлғасын көтереді. «...Ізгілік пен зұлымдық арасындағы айқас мәңгілік...» [5, 44]. Романдағы бұл жолдар Әл-Фарабидің таңғы ойлары. Автор оны бейнелеу үшін керемет жолды таңдайды. Романдағы Әл-Фараби біздің алдымызда өмірден ажырамас ғылыми діни қызметкер емес, әлемге биіктен қарайтын немқұрайлы саяхатшы емес. Ол өзінің қатыгез уақытына терең енген, ол батырлықпен шындықты іздейді, себебі ол қымбат болмыстың ашық әділетсіздігін көреді. Ол «ізгі қала» туралы трактатты жазды және әділеттілікті армандады.

Автор өзінің кейіпкеріне құрметпен қарайды, оның ең нәзік рухани күйлерін, мәңгілікке жоғалған қыпшақ отаны туралы қайғылы естеліктерін жеткізеді. Бұл әңгімелеу мотивтерінің бірі. Екіншісі-философтың ішкі рухани өмірін және оның өмірбаянының маңызды фактілерін қайта құру, шындықты іздеуді көрсетеді.

Романда Әл-Фараби мен Шамның атақты калиграфы Махмұд шебердің диалогы беріледі. Ұстаз ақ сақалды қартқа иіліп сәлем береді. Көңілін қалай өзіне аударғанын сұраған қарияға, Әл-Фараби «Мен үшін даналардың баға жетпес кітаптарын ой тоқтатар қауымның ортақ игілігіне айналдырған Шамның атақты калиграфы Махмұд шеберді көргеннен артық құрмет болмақ емес» [5, 58] дейді. Осы жолдар арқылы ұстаздың бейнесі басқаларға деген ерекше құрметті бейнелейді. Қазақтың «білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз» деген мәтелін айқындай түседі. Себебі «ұлық болсаң, кішік бол» деген бабалалардың сара жолы байқалады. Сондықтан Ә.Әлімжановтың Фарабиі «іздеуші, азап шегуші, наразылық білдіруші емес ақыл мен ойдың салтанат құрғанын жариялаған адам, аскетик».

## ТАЛҚЫЛАУ

Ұстаз образын өз шығармашылығына арқау еткен өз дәуірінің ақын-жазушылары көп болды. Әлем әдебиетіне көз тіксек, ең алдымен Шыңғыс Айтматов пен Төлепберген Қайыпбергенді айтуға болады. Екеуі де замандас жазушылар және XX ғасыр үшін өте маңызды тұлғалар. Екеуі де өз шығармаларында әдеби шығармашылық мәселелеріне, қазіргі әлемдегі суретшінің рөлі мен міндеттеріне назар аударды, сонымен бірге адамның руханилығы мәселесіне ерекше назар аударды.

Ш.Айтматовтың көркемдік санасы сюжеттермен, бейнелермен, композициямен, стилистикамен, яғни түркі әлемін, түркі тілін, оның әдет-ғұрыптарын құрайтын барлық көркемдік құралдармен түсінікті және жақын. Т.Қайыпберген - жазушы, көркем-публицистикалық шығармаларының, кең қоғамдық қызметтің арқасында, әлем қарақалпақтардың тарихтағы драмалық жолын, ежелгі халықтың өзіндік мәдениеті мен әдебиетін білді. Өз дәуірінің мәселелерін көтеру маңыздылығы бойынша екеуі де «әлем азаматы» атағына лайық.

Әр түрлі дәуірлердегі әдебиет ұстаз тақырыбын түрлі береді. Ш.Айтматов пен Т.Қайыпбергенді шығармаларындағы ұстаздарды өзіміз үшін аша отырып, біз ең алдымен, шығармаларды әр уақытта жаңаша түсінуді үйренеміз, тарихи жағдайдың өзгеруіне қарамастан, шығарманың өзі де, көркем образдар да көркемдік талғамға, эмпатия қабілетіне тәрбиелейді.

XX ғасырдың көптеген жазушылары әдебиетке мектептен келді. Педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіріп, мұғалім болып жұмыс істегеннен кейін олар өз жұмыстарына арналған материалды мектеп күндерінен алды. Мұғалім олардың шығармаларында кездейсоқ тақырып емес. Себебі мұғалімнің кәсібі мен жазушының кәсібін байланыстыратын білім мен тәрбиенің бір объектісі – халық.

Шығармаларда жазушылар балалар мен ересектерді тәрбиелеуде, білім беруде, адамдардың қарым-қатынасында ескірген ұғымдарды қайта қарауға, қайта құруға шақырады. Мұғалім бейнесінің ерекшелігі, әңгімелерде, мұғалімдер Дүйсен мен Меңлімұраттың жеке

тұлғаларындағы сауаттылыққа емес, олардың рухани-ағартушылық, адамгершілік ұстанымдары көрсетілгендігіне байланысты. Олар ауылдағы жаңа әлеуметтік өзгерістер үшін, ескірген әлеуметтік нормалар мен адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастар үшін күресушілер.

30-шы жылдары сауатсыздықты жаппай жою кезінде мектептер оқу мен жазуды үйренуден басқа міндеттер қоймағанын есте ұстаған жөн. Шығармалардың атауының өзі аңғартатындай екеуі де мұғалімнің рөліне арналған. «Алғашқы ұстаз» және «Рахмет, мұғалім! әдебиет үшін маңызды болды. Осы кезеңде оқушыларға арналған ұстаз өмірлік үлгі болып табылады, тіпті ата-аналарды алмастыратын тәлімгер, сондықтан мұғалімнің бейнесі оң деп бағаланады. Бұл ұстаздар Дүйсен және Меңлімұрат.

Екі жазушы да ұстаз образын белгілі бір пәнді оқыту ретінде емес, жазушының шындықтың сыртқы көрінісін және жеке тұлғаның ішкі күйін қалпына келтірудегі ерекше рөлі, өзіндік адамгершілік қасиет ретінде қарастырды. Мұғалім мамандығы бойынша емес, кәсібі бойынша Дүйсен жаңа өмірді өзі түсінгендей үйретеді. Ол тек оқуға және жазуға үйреткендіктен ғана емес, адам санасына алғашқы серпін бергендіктен, болашаққа апаратын жолды дәлелдегендіктен «алғашқы ұстаз» болды. Жазушы жасаған көркем образ өмірді зерттеудің өзіндік тәсілі [6].

Әңгіме философиялық сипатымен ерекшеленеді, мұнда көптеген моральдық сұрақтар жиналды. Мұнда ересектердің іс-әрекетінен қорлық көрген, қиын тәжірибені бастан өткерген кішкентай адамның өсу процесі бейнеленген. Бұл алғашқы махаббат, таза және аңғал, ұялшақ махаббат туралы әңгіме, ол алғашқы көктемгі сәулелермен гүлдеді, бірақ адамның өзімшілдігінің арқасында ешқашан гүлдеуге үлгермейді. Бұл бір кездері Алтынайдың жан дүниесіне енген және ол бүкіл өмірін қасиетті нәрсе ретінде өткізген махаббат. Демек, оқиғаның жанрлық анықтамасы-лирикалық проза. Шын мәнінде, Ш.Айтматов бізге жоғары идеяларға берілген жалғызбасты адамның тағдырын ұсынды, бірақ оны ешкім түсінбеді, ол айналасындағылардың көз алдында біртүрлі болып қалды. Айтматовтың әңгімесінің атауы «Алғашқы махаббат», «Бірінші көктем» сияқты жалпылауға ұмтылады.

Т. Қайыпбергеновтің атауында мұндай терең түсінік жоқ, керісінше оқушылардың көзқарастарын, өмірлерін мәңгілікке өзгерткен мұғалімге деген қарапайым адами ризашылығынан туындайды. Т.Қайыпбергеновтің балалар туралы әңгімесі балаларға арналған, ол балалар прозасына жатады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ыбырай Алтынсариннің ұстаз образы да жоғарыда жазушылар бейнелеген ұстаздарға ұқсас. Демек ұстаздық образ еліне деген жанқиярлықты бейнелейтін секілді көрінеді.

Ұстаз образы кез-келген дәуірде әлемнің барлық ойшылдары үшін маңызды тақырып болды. Қазақтың бас ақыны, ұлы Абай:

«Ақырын жүріп, анық бас

Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға» демекші, ұстаз образының бірегейі – үйрету. Ұстаздық – ол бір пәнді үйретуші емес, ол баланың жан-дүниесінің мүсіншісі. Сол себепті ұстаз образын зерделеу әлі де маңызды бола түспек. Себебі осы тақырыпты зерттеу барысында Ыбырай Алтынсарин мен Әл-Фарабидің ұстаздық образы сараланды. Десе де қазақ әдебиетінде зерттеуге лайық ұстаз образы жетерлік. Олардың ішінде ұлы Абай, Шәкәрімдер, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезовтер бар. Сонымен қатар Шыңғыс Айтматов мен Төлепберген Қайыпбергеновтің ұстаз бейнесіне қатысты еңбектерінен бөлек әлем әдебиетінде сараптау қажет әдебиеттер өте көп. Сондықтан аталмыш еңбек ары қарай жетілдіре түсуге сұранып тұрғаны анық. Себебі өскелең ұрпақты тәрбиелеу барысында ұстаз образының тұғырдан түспеуі маңызды міндет болуы керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ең алғашқы мектептер қайда пайда болған? Электрондық ресурс, URL: <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/15622/>
- 2 Жәңгір-Керей хан. Электронды ресурс, URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D1%80%D0%9A%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B9\\_%D1%85%D0%B0%D0%BD](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D1%80%D0%9A%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B9_%D1%85%D0%B0%D0%BD)
- 3 Қайырбеков Ғ. //Дала қоңырауы. Ыбырай Алтынсарин өмірінен кітап – Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1957 -180б.
- 4 Молдағалиев Ж. // Құс жол. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1976 – 160б.
- 5 Әлімжанов Ә. //Ұстаздың оралуы. Орысшадан аударған С.Мұратбеков – Халықаралық Абай клубы, 2013.-312б.
- 6 Шамуратова, З.А. Образ учителя в творчестве Ч.Айтматова и Т. Каипбергенова / З. А. Шамуратова, А.О. Алтынбаева. — // Молодой ученый. — 2018. № 49 (235). — С.422-426. - URL: <https://moluch.ru/archive/235/54600/>

Материал 24.11.2022 баспаға түсті

## REFERENCES

- 1 Where did the first schools appear? Electronic resource, URL: <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/15622/>
- 2 Jangir-Kerey Khan. Electronic resource, URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D1%80%D0%9A%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B9\\_%D1%85%D0%B0%D0%BD](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D1%80%D0%9A%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B9_%D1%85%D0%B0%D0%BD)
- 3 Kairbekov G. //Field call. A book from the life of Ibray Altynsarin - Kazakh State Publishing House of Fiction, Almaty, 1957 - 180 p.
- 4 Moldagaliyev Zh. // Bird path. Almaty, "Zhazushi" publishing house, 1976 - 160 p.
- 5 Alimzhanov A. //The teacher's return. Translated from Russian by S. Muratbekov - International Abay Club, 2013.-312p.
- 6 Shamuratova, Z.A. The image of a teacher in the works of Ch. Aitmatova and T. Kaipbergenova / Z. A. Shamuratova, A.O. Altynbaeva. — // A young student. — 2018. No. 49 (235). — P. 422-426. - URL: <https://moluch.ru/archive/235/54600/>

## Образ учителя в казахской и мировой литературе

А. Д. Боханова<sup>1</sup>, Г.С.Бөкен<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*В представленной статье описывается образ учителя в казахской и мировой литературе. В статье рассматривается понятие учителя и его роль в обществе с анализом произведений казахских ученых и мыслителей мира. Также стоит отметить актуальность и необходимость изучения данной темы, так как она важна для использования в воспитании подрастающего поколения. Автор определяет место педагога в воспитании молодежи, отражает его особенности через отражение в художественной литературе. В ходе исследования были проанализированы образ Ибрая в повести Ж.Молдағалиева «Путь учителя», в поэме Г.Каирбекова «Степной колокол», образ Аль-Фараби в произведении А.Алимжанова «Возвращение учителя». Для изучения мировой литературы были отобраны произведения Ш. Айтматова «Первый учитель» и Т.Кайыпбергенова «Спасибо, учитель».*

*Ключевые слова: образ учителя, литература, казах, мир, профессия, воспитание, образ Аль-Фараби, образ Ибрая Алтынсарина, проза, поэзия, писатель.*

Материал поступил в редакцию журнала 24.11.2022

## **The image of a teacher in kazakh and world literature**

**A.D.Bokhanova<sup>1</sup>, G.S.Boken<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article describes the image of a teacher in Kazakh and world literature. It examines the concept of a teacher and his/her role in society. The author of the paper analyzes researches of Kazakh and world scientists on the subject. The relevance of the study is underlined by the importance of the theme for the younger generation upbringing. The author defines teacher's place in educating young people. The features of a teacher are reflected through fiction. The study analyzes the image of Ibray in Zh .Moldagalieva's work "The Way of the teacher", in G.Kairbekov's poem "The Steppe Bell", the image of Al-Farabi in A.Alimzhanov's work "The Return of the teacher". The works of Sh. Aitmatov "The First Teacher" and T. Kayypbergenov "Thank you, teacher" were selected for the studies in world literature.*

*Key words: image of a teacher, literature, Kazakh, world, profession, education, image of Al-Farabi, image of Ibray Altynsarın, prose, poetry, writer.*

Received: 24.11.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp52-60

**М.К. Нуржаксина<sup>1</sup>, Б.С. Шукуманова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

## **ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫ**

*Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры сюжеттік құрылысымен, оқиганы баяндау тәсілімен, жанрлық ерекшеліктерімен, композициялық, құрылысымен, көркемдік жүйесімен дара жанрға айналғаны анық. Бұл шағын жанрдың көлемі шағын, кейіпкер саны шектеулі, сюжетті құрайтын оқиғасы ашылық еткенімен өзекті мәселелерді дөп басып жеткізе алатын ерекшелігі бар. Солайша әңгімеде адам өмірі мен тағдыры, басты қозғалған проблема жинақы беріледі.*

*Әңгіме жанрында, оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінде жылқы бейнесі көптеп ұшырасады. Жылқы образының қазақ әдебиетінде көптеп кездесуі де бекерден-бекер емес. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген көшпелі халқымыз төрт түліктің ең қадірлісі жылқы малы деп білген. Бұл құбылыс халықтың ежелден бастау алған көшпелі тұрмыс салтымен де, мифологиялық, космогониялық дүниетанымымен де байланысты.*

*Мақалада қазақ әңгімесі жанрында қалам тербеген Мұхтар Мағауин, Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш сынды қаламгерлердің әңгімелеріндегі жылқы образы талданып, кейіпкерлер болмысы, мінезі қарастырылды. Талданған әңгімелер аудионұсқада, галамтор бетінде көп оқырманның ыстық ықыласына ие болған туындылар болып табылады.*

*Кілт сөздер: әңгіме, жылқы, мінез, тартыс, жанр, кейіпкер, әдеби образ.*

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

*Қазақ әдебиетінде өзекті тақырыпқа айнала білген жылқы бейнесін С.Жүнісов, Т.Әлімқұлов, Ә. Кекілбай т.б. қаламгерлер шығармаларына тақырып еткен. Алайда, қазіргі қазақ әдебиетінде соны көзқарас, жаңаша форма, жаңа бағыт, өзгеше сөз қолданысы байқалатыны жасырын емес. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі дарынды қаламгерлер Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш шығармаларындағы жылқы образы талданды, салыстыру*